

«ГЛАВА ГОСУДАРСТВА В СВОЕМ ВЫСТУПЛЕНИИ ОСОБО ПОДЧЕРКНУЛ НЕОБХОДИМОСТЬ ОБНОВЛЕНИЯ ПАССАЖИРСКИХ ВАГОНОВ, КАК ОДНОГО ИЗ ПРИОРИТЕТНЫХ НАПРАВЛЕНИЙ В СФЕРЕ ТРАНСПОРТА. В РАМКАХ РЕАЛИЗАЦИИ ЭТОГО ПОРУЧЕНИЯ НАША КОМПАНИЯ ЗАПУСТИЛА ОБНОВЛЕННЫЙ СОСТАВ НА МАРШРУТЕ «АЛМАТЫ – САРАТОВ». ЭТО — ВАЖНЫЙ ШАГ В РАЗВИТИИ МЕЖРЕГИОНАЛЬНОГО ТРАНСПОРТНОГО СООБЩЕНИЯ И ПОВЫШЕНИИ КАЧЕСТВА ПАССАЖИРСКИХ ПЕРЕВОЗОК».

Ануар АХМЕТЖАНОВ,
генеральный директор АО «Пассажирские перевозки»



№54 (3093)
18/07/2025

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

«ТОБЫЛ» – КЛЮЧЕВАЯ ТОЧКА ТРАНЗИТА

Дан официальный старт строительству нового транспортно-логистического комплекса «Тобыл» – одного из крупнейших инфраструктурных проектов на севере Казахстана. Проект возводится на территории индустриальной зоны города Костанай и станет ключевой точкой в реализации транзитной стратегии, обозначенной Президентом Касым-Жомартом Токаевым.

Асель ШАЙХЫНОВА,
Астана – Костанай – Астана

В церемонии запуска приняли участие заместитель Премьер-министра Республики Казахстан Ермек Кошербаев, аким Костанайской области Кумар Аксакалов, заместитель председателя Правления АО «НК «ҚТЖ» по логистике Ерлан Койшибаев, председатель Совета директоров компаний Allur Андрей Лаврентьев и другие.

Проект реализуется с участием АО «Кедентранссервис» и ТОО «ТЛК Тобол» при поддержке АО «Фонд развития промышленности». Площадь логистического комплекса составит 133,6 гектара, общий объем инвестиций — 64 млрд тенге. Проектная мощность ТЛК «Тобыл» — до 400 тысяч двадцатифутовых

контейнеров (ДФЭ) в год, или свыше 11 млн тонн грузов. Важно, что комплекс создаст 500 новых рабочих мест с прицелом на трудоустройство логистов, операторов, IT-специалистов, обслуживающего персонала и молодых специалистов.

Выступая на церемонии запуска, Ермек Кошербаев подчеркнул, что проект имеет значение, выходящее за рамки региона.

— Мы не просто строим логистический узел, мы закладываем прочный фундамент для новой экономической географии страны. «Тобыл» станет интеллектуальной платформой, где соединяются логистика, цифровизация, образование и индустрия. Здесь появятся новые компетенции, новые рабочие места, новые смыслы для молодежи.



Это не региональный, а национальный проект, катализатор роста всей страны. Он усилит позиции Казахстана в глобальных цепочках поставок, откроет новый горизонт для бизнеса, инвесторов и людей, которые хотят расти и развиваться здесь, у себя на родине, — отметил заместитель Премьер-министра Республики Казахстан.

На сегодня Костанайская область — один из ведущих экспортных центров Казахстана. Ежегодный объем погрузки по данному региону составляет порядка 27 миллионов тонн или 10% от погрузки по всему Казахстану.

При этом, одним из основных сегментов перевозок являются зерновые грузы, объем отгрузки которых превышает 5,5 млн тонн (зерно, мука, комбикорма, отруби пшеничные).

Следует отметить и ежегодную динамику роста контейнеризации. Только за 6 месяцев текущего года здесь отгружено более 22 500 контейнеров (порядка 700 тысяч тонн грузов) с ростом на 72% к аналогичному периоду 2024 года. Из них в направлении КНР отгружено продуктов перемола более 15 900 контейнеров (рост 85% к 2024 году). Начаты

отгрузки готовой продукции в Поднебесную — комбикормов порядка 3000 контейнеров.

Также регион является крупнейшим импортером машиностроительной продукции и комплектующих, которые преимущественно приходят на заводы в контейнерах: рост за первое полугодие составил 14% для СарыАрка Авто Пром.

Таким образом, запуск ТЛК «Тобыл» придаст абсолютно новый импульс перевозкам грузов и удовлетворит растущий спрос казахстанских экспортеров.

(Продолжение на 3-й стр.)
Фото Абзала КАЛИЕВА

СЕРВИС АРТА ТҮСТІ



«ҚТЖ» ҰК» АҚ логистикалық қызметтері «Бірыңғай цифрлық терезе» сервисі eGov Business мобильдік қосымшасында қолжетімді болды. Бұл функционал пайдаланушыларға ҚТЖ-мен логистикалық қызметтер бойынша ыңғайлы әрі тиімді өзара әрекеттесу үшін жаңа мүмкіндіктер ұсынады.

Сервистің басты мақсаты – логистикалық қызметтердің сапасын арттыру. Бірыңғай цифрлық терезе арқылы пайдаланушылар шарттарды басқару, өз операциялары бойынша аналитикалық деректерді алу, Call-орталыққа немесе әлеуметтік желілер арқылы сұрау жолдау сияқты түрлі цифрлық құралдарды пайдалана алады. Сонымен қатар енді клиенттер қызметке өтінімді оңай рәсімдеп қана қоймай, жүктерінің мәртебесін нақты уақыт режимінде қадағалап, көрсетілген қызмет сапасына қатысты кері байланыс бере алады.

Қызметті пайдалану үшін:
– eGov Business мобильді қосымшасына кіріп, «Қызметтер» бөліміне өту қажет;
– «ҚТЖ» ҰК» АҚ қызметін таңдау керек;
– қызметпен танысу қажет.

Жаңа функционалдың іске қосылуы логистикалық үдерістердің тиімділігін арттыру жолындағы маңызды қадам болды. Бұл сервис «ҚТЖ» ҰК» АҚ көрсетіп қызметтерді бірыңғай платформада біріктіріп, оларға жылдам әрі ыңғайлы қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

Жаңа қызмет ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер комитеті, «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ және «ҚТЖ» ҰК» АҚ бірлескен жұмысының нәтижесінде іске қосылды.

Ұлан ОРАЗ

НОВЫЙ ФУНКЦИОНАЛ



На платформе ektz.kz, разработанной в рамках цифровой трансформации группы компаний «Казакстан темір жолы», запущен новый функционал, значительно упрощающий процесс взаимодействия с иностранными партнерами.

Теперь международные партнеры дочерней компании KTZ Express могут заключать типовые договоры онлайн. Это стало возможным благодаря внедрению инструмента для подписания документов с использованием простой электронной подписи, соответствующей международным требованиям.

Данная функция открывает новые возможности для ускорения документооборота, минимизации бумажной волокиты и исключения территориальных ограничений при взаимодействии с контрагентами. Кроме того, новшество способствует повышению прозрачности и юридической защищенности всех сторон. Цель внедрения — создание единой цифровой среды, где весь цикл взаимодействия с клиентами и партнерами, в том числе зарубежными, проходит максимально эффективно, быстро и удобно.

Таким образом, ҚТЖ продолжает курс на цифровизацию логистических процессов, укрепляя позиции Казахстана как ключевого транзитного хаба на евразийском пространстве.

Аула ТЛЕУБАЙ

Актуально

ИНФРАСТРУКТУРА РОСТА: КУРС НА МОДЕРНИЗАЦИЮ

В Казахстане реализуется комплексная государственная стратегия по развитию транспортной инфраструктуры и укреплению транзитного потенциала страны.

Айлин БАУРЖАН,
Астана

По поручению Президента Республики Казахстан Касым-Жомарта Токаева Правительством ведется системная работа, направленная на укрепление за Казахстаном статуса главного транспортно-логистического узла между Востоком и Западом, а также в направлении Центральной и Южной Азии.

На прошедшем заседании Правительства Премьер-министр РК Олжас Бектенов подчеркнул, что сегодня железные дороги страны работают практически на пределе пропускной способности. За последние пять лет объем транзита увеличился на 50%, а по Транскаспийскому международному транспортному маршруту (ТМТМ) — в шесть раз. В 2024 году объем поставок из Китая в Европу через Казахстан вырос на 62%, составив 4,5 миллиона тонн.

В этом году завершается строительство вторых путей на участке Достык–Мойынты

и обводной железнодорожной линии вокруг Алматы. В следующем году начнется реализация проектов Дарбаза–Мақтарал, Мойынты–Қызылжар и Бахты–Аягөз. Эти инфраструктурные решения позволят увеличить пропускную способность до 10 миллионов тонн. По словам главы Правительства, это требует значительных инвестиций, однако Казахстан не должен упустить стратегическое транзитное преимущество.

Одним из ключевых направлений становится цифровизация транспортных процессов. Внедрение Цифрового торгового коридора на платформе TEZ Customs позволило сократить время оформления транзитных деклараций с трех часов до 30 минут. Это повышает эффективность логистики и снижает нагрузку на бизнес.

В июне 2025 года в морском порту Актау начал работу новый контейнерный хаб, призванный усилить пропускную способность маршрута ТМТМ и повысить объемы обработки контейнерных перевозок. Это

еще один шаг к укреплению логистического потенциала страны на международной арене.

По словам министра транспорта РК Нурлана Сауранбаева, за первое полугодие 2025 года транспортная отрасль продемонстрировала рост на 22,7%. Общий объем грузоперевозок составил 550,7 миллиона тонн, что на 10,9% больше, чем за аналогичный период прошлого года. Наибольший прирост зафиксирован в трубопроводном (+18,2%), железнодорожном (+12,4%) и автомобильном (+1,8%) транспорте. Пассажирские перевозки также показали рост на 10,5%, достигнув 928 миллионов человек.

Рост объемов перевозок напрямую связан с активным развитием ключевых отраслей экономики: горно-металлургического комплекса, нефтегазовой сферы, сельского хозяйства, строительства и торговли. Все это подчеркивает важнейшую роль транспортной системы в устойчивом экономическом развитии страны.

Закрепляя за собой статус транзитной державы, Казахстан продолжает наращивать инвестиции в инфраструктуру, внедряет цифровые решения и расширяет международное сотрудничество в сфере логистики, что делает страну неотъемлемой частью новой евразийской транспортной архитектуры.

ӘЛЕУМЕТТІК ЖҮК ТАСЫМАЛЫ ҰЛҒАЮДА

Ұлттық компания үшін әлеуметтік маңызды жүк санатындағы көмір мен астық тасымалы қашан да өзекті. Биылғы жылдың бес айының қорытындысы бойынша «ҚТЖ» ҰК» АҚ желісі бойынша тасымалданған жүк көлемі 107 млн тоннаны құраған. Бұл көрсеткіш өткен жылдың есепті кезеңіне қарағанда 4,4%-ға жоғары болып отыр.

Сұлугүл БАКЕСОВА,
Астана

Оның 68,7 млн тоннасы ел ішінде тасымалданып, 38 млн тоннасы экспортқа шығарылған. Теміржол көлігімен тасымалданатын негізгі жүктер – әрине көмір мен астық. 2024-2025 жылдардағы жылу беру маусымында Қазақстан бойынша теміржол көлігімен 67 миллион тонна көмір тасымалданып, оның 60 миллион тоннасы ЖЭО-ға, ал 7 миллион тоннасы коммунальдық секторға жеткізілген. Ал осы жылдың бес айында 41,6 млн тонна көмір тасымалданып, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 2,4%-ға артық шыққан. Оның 29,3 миллион тоннасы ішкі нарыққа жіберілсе, 12,2 миллион тоннасы экспортталған.

ҚТЖ көмір логистикасын үздіксіз қамтамасыз етіп, жекеменшік және жалға алынған 12 мыңға жуық ашық вагондарды пайдалана отырып, жүк жөнелтушілердің сұранысын 100% орындады. Қатты отынды тасымалдауды үйлестіру бойынша жедел штаб тәулік бойы жұмыс істеп, ҚТЖ мамандары тиісті министрліктер мен әкімдіктер өкілдерімен тұрақты байланыс орнатқан.

Отандық көмірді жеткізудің негізгі бағыттарына Ресей, Қытай, Өзбекстан, Қырғызстан, Латвия, Польша, Қытай, Үндістан және

Италия кіреді. Бүгінде еліміз қатты отынды Каспий порттары арқылы Грузия мен Түркияға жеткізу мүмкіндігін қарастыруда. Сонымен қатар Қытай порттары арқылы экспортты арттыру мүмкіндігі талқылануда. Биылғы жылдың басты оқиғаларының бірі, бірінші тоқсан қорытындысы бойынша Ресей порттары арқылы көмір экспортының 44,5%-ға өсуі, сондай-ақ Қытайға белсенді көмір экспортының жасалуы болды. Осылайша, Қазақстан мен Ресейдің теміржол әкімшіліктері отандық көмірді экспорттау үшін «жасыл дәліздерді» құру тетіктерін пысықтауды жоспарлап отыр.

Әлеуметтік жүк санатындағы астық тасымалы да айтарлықтай өскен. Мәселен, Қазақстанда 2024 жылы жиналған 25,2 миллион тонна астық рекорды соңғы бес жылдағы рекордты жанартаңның теміржол тасымалы көлемінен де байқауға болады. Маркетингтік жылдың қорытындысы бойынша (2024 жылдың қыркүйегінен 2025 жылдың сәуіріне дейін) «ҚТЖ» ҰК» АҚ желісі бойынша астық тасымалдау көлемі 9,8 млн тоннаға жетіп, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 52%-ға артық. Бұл ретте экспорт 58%-ға өсіп, 7,7 млн тоннаны құрады. Жыл басынан бергі бес ай ішінде 5,7 миллион тонна астық тасымалданған. Бұл бір жыл бұрынғыдан 54 пайызға артық. Шетелге астық жеткізу 62 пайызға өсіп, 4,5 миллион тоннаға жеткен.

Ал астықтың ағымдағы экспорттық маусымында еліміз

мәлімделген 12 млн тонна болжамға қол жеткізген жоқ. Осыған қарамастан, жеткізілімдер тек дәстүрлі нарықтарға ғана емес, сонымен қатар балама маршруттарда да өсім көрсетті. Мәселен, республиканың ауыл шаруашылығы министрлігінің деректеріне сүйенсек, дәстүрлі нарықтарда бидай және жем-шөп ұнтағы, сондай-ақ қатты бидай экспорттың 2024/25 жылғы 8 айда (қыркүйек-сәуір) Өзбекстанға – 36%-ға, Тәжікстанға – 29%-ға, Ауғанстанға – 62%-ға, Әзірбайжанға – 216 есе, Қырғызстанға 5,6 есе өскені байқалған. Сонымен қатар Грузия мен Алжирге де жеткізілім күрт өскен.

Қайта өңделген дәнді дақылдар көлемінің тұрақты өсу серпінін бүгінде Қытай бағытынан көруге болады. «ҚТЖ» ҰК» АҚ алға тартқан деректерге сүйенсек, 2025 жылдың бес айының өзінде елдің теміржол желісі арқылы Қытай бағытында 1,6 млн тонна астық жүктері (астық, ұн, құрама жем) тасымалданған, бұл 2024 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 46% артық. Жөнелтілген астық көлемі 328 мың тоннаны құрап, оның 239 мың тоннасы контейнерлерде тасымалданған. Ұнтақталған өнімдердің көлемі 179 мың тоннаны құраса, оның 112 мың тоннасы контейнерлерге тиелді. Бұл өсімге көрішлес Ресейде егіннің азаюы және астық тасымалдауға субсидиялар ықпал етті, бұл сайып келгенде, сураныстың жандануына және мүлдем басқа нарықтарға шығуға мүмкіндік берді. Мәселен, Мароккоға теміржол жеткізілімдері ашылып, ол жаққа тек 2025 жылдың 4 айында 111 мың тонна бидай жөнелтілді. Сондай-ақ қазақстандық бидайды Вьетнамға алғаш рет салмағы 1,7 мың тоннаға жуық транзиттік контейнерлік пойызбен Ляньюньган порты арқылы теңіз кемелеріне тиіп, Хайфон портына жөнелту арқылы тасымалдау жүзеге асырылды, оған шамамен 15 мың тонна бидай экспорттау жоспарлануда.



Медет ҚОЛДАСОВ,
«ҚТЖ» ҰК» АҚ Қозғалыс қауіпсіздігі департаментінің Жамбыл учаскесі бойынша бас аймақтық ревизоры:

ҚОЗҒАЛЫС ҚАУІПСІЗДІГІН САҚТАУДА ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ІС-ШАРАЛАРДЫ КҮШЕЙТУ ҚАЖЕТ. СОНЫМЕН ҚАТАР ТЕМІРЖОЛШЫЛАР ЖАУАПКЕРШІЛІГІН АРТТЫРУ КЕРЕК. КАДРЛАРДЫ КӘСІПТІК ТАЛАПТАРҒА САЙ ЖАСАҚТАУ ЖӘНЕ ҚОЗҒАЛЫС ҚАУІПСІЗДІГІНЕ ЖАУАПТЫ МАМАНДАРДЫ, ЛАУАЗЫМДАРДЫ КӘСІБИ ІРІКТЕУ КЕРЕК. ЕҢБЕК ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРІПТІ НЫҒАЙТУ, ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ТЕХНИКАЛЫҚ БІЛІМ ДЕҢГЕЙІН АРТТЫРУ ЖӘНЕ ТАҒЫ БАСҚА ДА МІНДЕТТЕРДІҢ ОРЫНДАЛУЫ ҚАТАҢ ҚАДАҒАЛАНУЫ ТИІС. ТӘРТІП ПЕН ТАЛАП БАР ЖЕРДЕ – ЖҮЙЕЛІ ЖҰМЫС БАР

ЦИФРЫ ГОВОРЯТ:

841 тыс. тонн

УГЛЯ – РЕКОРДНЫЙ ЭКСПОРТ АО «ШУБАРКОЛЬ КОМИР» ПО СЕТИ АО «НК «ҚТЖ».

ДО
4,2 млн

ПАССАЖИРОВ ГОТОВЫ ПЕРЕВЕЗТИ В ЛЕТНИЙ СЕЗОН ПОЕЗДА АО «ПАССА-ЖИРСКИЕ ПЕРЕВОЗКИ».

БОЛЕЕ
30

ДТП ПРЕДОТВРАТИЛИ МАШИНИСТЫ ҚТЖ С НАЧАЛА ГОДА НА ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНЫХ ПЕРЕЕЗДАХ.

АҚТАУДА ІРІ ЛОГИСТИКАЛЫҚ ХАБ ҚҰРЫЛМАҚ

Шахида ЖҰМАН,
Маңғыстау



МЕМОРАНДУМ

Бұл туралы жақында аймақта өткен қытайлық қонақтармен басқосу барысында айтылды. Кездесуде Маңғыстау облысы мен Қытай компаниясы арасында ынтымақтастық меморандумға қол қойылды.

Аталған бастама биыл сәуір айында «Чжунъюнь Гоцзи» компаниясының басшысы Юй Боян Маңғыстау облысына жұмыс сапарымен келгенде көтеріліп, қытайлық компания басшысы логистикалық хаб құрылысына қызығушылық танытқан болатын. Облыс әкімі Нұрдаулет Қылыбай Қытайдың «Чжунъюнь Гоцзи» және «Гою Учань» компаниялар тобының басшысы Юй Боянмен кездесу барысында хаб құру мәселесі жан-жақты талқыланды. Қос тарап көлік-логистикалық әлеуетті арттыру және халықаралық сауда байланыстарын нығайту мақсатында өңірде ірі логистикалық хаб құру жайын пысықтады.

Сондай-ақ қытайлық компания Маңғыстауда заманауи теңіз порты мен логистикалық орталық салу жөніндегі инвестициялық ұсыныстарын айтты.

Қытай тарапының толық қаржыландыруымен жүзеге асырылатын бұл жобаның Еуразия құрлығындағы маңызды транзиттік хабты қалыптастыруға және «Транскаспийлік халықаралық көлік маршруты» халықаралық көлік дәлізінің мүмкіндіктерін барынша тиімді пайдалануға бағытталғаны сөз болды. Жиын соңында Маңғыстау облысы әкімдігі мен «Чжунъюнь Халықаралық Өнеркәсіптік Компаниясы (Хэйлунцзян)» арасында өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.

Бұл жоба Маңғыстау облысының көлік-логистикалық әлеуетін арттырып қана қоймай, экономикалық өсімге де елеулі үлес қосатыны даусыз.

АХУАЛ ҚАТАҢ БАҚЫЛАУДА

Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей



ӨРТ- ТІЛСІЗ ЖАУ

Семей ЖТ бөлімшесі бойынша орман және дала өрттерінің қауіпті кезеңі өтуде. Қазіргі ахуал қатаң бақылауда тұр. Жергілікті теміржолшылар қауіпсіздік іс-шараларын күшейтуде.

Әйтсе де, қауіп аяқ астынан. Себебі өрттің алдын алуға байланысты қабылданған шараларға қарамастан, биыл табиғи өрттің саны біршама өскен. Жыл басынан бері Семей магистральдық желі бөлімшесі аумағында жалпы саны 252 дала өрті тіркелген. Бұл – өткен жылмен салыстырғанда 4,5 есеге артық көрсеткіш.

Семей ЖТ бөлімшесіне қарасты мемлекеттік емес өрт сөндіру қызметінің басшысы Мұрат Мұқажановтың айтуынша, жергілікті өрт сөндіру пойыздары толықтай тосын жайтқа дайын. Барлық өртке қарсы құрылымдармен тығыз әріптестік орнатылған.

Мәселен, Семей ЖТ бөлімшесінің 119 шақырымдық құрайтын Семей – Локоть телімі, яғни «Солтүстік тармақ» өтетін орман аумағында өртті ерте анықтайтын арнайы автоматтандырылған жүйе орнату қолға алынуда.

Сонымен қатар теміржолшылар облыстық азаматтық қорғау басқармасы мен төтенше жағдайлар департаментімен бірлесіп, өңірдегі ерікті өртке қарсы құрылымдардың жұмысын саралап, нәтижесін нақтылауға қатысуда. Жалпы, теміржолшылардың тілсіз жауды ауыздықтауда тәжірибесі мен біліктілігі жоғары. Жыл басынан бері өрт сөндіру пойызы бірнеше мәрте бөлімше көлеміндегі қызыл жалын орын алған жерлерге жедел түрде барып, тілсіз жауды сөндіруге атсалысты.

ӘЙТЕКЕНІҢ МАҢЫЗЫ АРТЫП КЕЛЕДІ



СТАНЦИЯ ТЫНЫСЫ

Ардақ ЕРУБАЕВА,
Ақтөбе

Станция бастығы Жандос Әбдіжәлеловтің айтуынша, жүк тасымалында биыл оң көрсеткішке қол жеткізген. Әсіресе жүк тиеу жұмыстарында ауыз толтырып айтарлықтай нәтиже бар. Дәнді дақылдарды жөнелту көрсеткіші де артқан. Астықты аймақ саналатын өңірде астық тиеу жұмыстары қысы-жазы үзілмейді. Діқандар алған өнімін кептіріп, жылдың барлық мезгілінде тасымал қызметіне жүгінеді.

«Биыл 6 айда 850 вагонға жүк тиеу жүзеге асырылды. Оның 507 вагоны – дәнді-дақыл өнімдері. Олар негізінен Өзбекстан, Тәжікстан. Ауғанстан, Әзербайжан елдеріне жөнелтілді. Астық тиеу, вагонмен уақытында қамтамасыз ету жұмыстарында кедергі жоқ», – деді Жандос Әбдіжәлелов.

Айтуынша, бұған дейінгі жылдары 9 айда ғана 500-дей вагон дәнді дақыл ти-



елетін болған. Бұдан бөлек 6 айда 343 вагон ақ каолин сазы Қырғызстанға және Қазақстанның Шымкент, Талдықорған, Сайрам қалаларына жөнелтілген.

Жүк түсіру көрсеткіші де жоғары. Әсіресе құрылыс жұмыстарына қажетті материалдар артқан. Станцияда 6 айда 355 вагон жүк түсірілген. Оның 21 вагоны көмір, 25 вагон ракушняк, 5 вагон цемент, 27 вагон бидай, 277 вагон қиыршық тас түсірілген.

Станциядағы бес жолдың екеуі жолаушы пойыздарын қабылдауға арналса, қалған үшеуі жүк тасымалы қызметін ұйымдастыруға бағытталған. 4 жолаушы, 2 қаламаңы



пойызы тоқтайтын Әйтеке би вокзалына халық айналадағы елдімекендерден көп келеді. Теміржол қатынасы жоқ Ырғыз, Қарабұтақ ауылдарынан келетін жолаушы көп. Дені Қостанай, Астана, Алматы бағыттарына осы жерден аттанады.

Станцияның қайнаған өмірін ерсілі-қарсылы зулаған жылжымалы құрамдар толықтырып тұр. 20 жылдық тарихында тек республика ішінде ғана емес, халықаралық байланысқа да негіз болған күрежолдың бойында жатқан станцияның маңызы уақыт өткен сайын артып келеді.

Суреттерді түсірген автор

БОЛЖАМ ШЫНДЫҚҚА АЙНАЛУДА



АЙМАҚ

Қосұйым МҰҚАШЕВ,
Атырау

Таратып айтсақ, орташа тәуліктік тиеу 663 вагон – 101,4%. Жүктерді тиеу тоннаға шаққанда 105,2% орындалды, яғни алты айда 6685,2 мың тонна жүк тиелді. Вагонға статикалық жүктеме 100,9% орындалды; техникалық станцияда вагонның орташа тоқтау ұзақтығы – 114,4%; 1 жүк операциясындағы вагонның орташа тоқтау ұзақтығы – 103,7%; пойыздар қозғалысының орташа техникалық жылдамдығы – 104,4%; орташа тәуліктік жүк түсіру 107,3 пайызға, пойыздың жалпы салмағы 101,9 % орындалды. Көрсеткіштер түгелдей жоғары. Тек техникалық жоспар бойынша 8 пайдалану көрсеткішінің біреуі, яғни статикалық жүктеме 95,5 пайыз болған. Оның себебі пропан, бутан сынды сұйытылған жүктердің басқа құймалы жүктерге қарағанда салмағы жеңіл, яғни бір вагонға статикалық салмағы 0,26 тоннаға кем болған.

Бытырғы жылмен салыстырғанда техникалық жоспар бойынша 4 пайдалану көрсеткіші межеге жете алмаған, олар – орташа тәуліктік тиеу, жүкті тонналап тиеу, 1 жүк операция-

сындағы вагонның орташа тоқтау ұзақтығы және пойыздың орташа салмағы. Құлсары, Теңдік, Қарабатан станциялары бойынша жүкжөнелтушілермен жүк тиеу жөнінде жоспардың келісілмеуі, тиеуден бас тарту салдарынан жүк тиеу 17 вагон/тәулікке кем болған. Осындай себепті



«Теңізшевройл», «Батыс Транс Групп», «РТС Холдинг» сынды жүк жөнелтушілерден 215 мың тонна экспорттық бағыттағы жүктер, барлығы 20 мыңнан астам вагон жүк кем тиелген. Мақат, Құлсары, Махамбет, Қарабатан, Аққыстау, Доссор, Сазанқұрақ, Мұқыр станцияларында вагондар жүк операцияларына ұзақ тұрып қалғандықтан, 1 жүк операциясындағы вагонның орташа тоқтау ұзақтығы артқан. Мәселен,

Мақат станциясында «Интегра констракшн» ЖШС-ның 257 жүк вагонынан қиыршық тастың баяу түсірілуі, құмның, шпалдың, басқа да жүктердің баяу түсірілуінен вагонның станцияда тұру уақыты асып кеткен. Транзитті вагондардың жиналып қалуы, диспетчер

нұсқауын күту, пойыздардың, локомотивтердің келуін күту себепті кідірістер де болған. Кейде жол бос болмайды, кейде пойыздар маршруты өзгереді, қосылатын вагондар күтіледі, т.б жағдайлар вагондардың тұрып қалуына әкеп соғады.

Аймақта жинақтайтын, шығаратын пойыздардың көбеюі, кейбір учаскелерде жылдамдықты сағатына 40 км-ге шектеу, технологиялық «толаскездің»

берілуі, жолда малдың жүруіне байланысты локомотивті шұғыл тежеу, метеорологиялық жағдайлар – жел мен жауынның да әсері болмай қоймады. Техникалық жоспар бойынша пойыздың орташа салмағы 99,9% болып жүк тиеу 3,1%-ға азайып, бос вагондардың көбеюінен 6 тонна/бруттоға кеміген.

Дегенмен, жарты жылда Атырау жүк тасымалы бөлімшесі бойынша ірі жүк тиеп-жөнелтушілер, яғни ірі кәсіпорындардың жүк көлемі мол болды. «Батыс Транс Групп» мұнай өнімдерін, «Тенгизшевройл» ЖШС мұнай және мұнай өнімдерін, «Исткомтранс» ЖШС, «Тенгизская Транспортная Компания» мекемесі күкірт тиеген. Сондай-ақ жүк жөнелтушілер: «РТС HOLDING» мекемесі полипропилен, «Иси Гипс Индер» құрылыс жүктерін, «Индер Гипс» ЖШС мен «Индер туз компани» ЖШС өнеркәсіптік шикізат жүгін, «Сұйытылған мұнай газын сақтау паркі» сұйытылған газ жүгін тиеген.

Қорыта айтқанда, биыл жүк тасымалы шынымен де артып келеді, яғни мұнай өнімдері тасымалы ұлғаяды деген бытырғы болжам шындыққа айналуда.

Суретті түсірген автор

ЖАРТЫЖЫЛДЫҚ АҚПАРАТ

Шекті бағада жазылған инвестициялық бағдарламаны орындау немесе орындамау туралы «КТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС-нің 2024 жылғы 1 қазаннан 2025 жылғы 31 мамырға дейінгі кезең бойынша БСН 031 040 001 799, 49200 (ЭҚЖС бойынша қызмет түрі)

№	Инвестициялық бағдарлама (жоба) көрсеткіштерінің атауы	Кім бекіткен (бұйрықтың күні, нөмірі)	Іс-шараның атауы	Инвестициялық бағдарламаны іске асыру жылдары		1.10.2024 ж. бастап 30.09.2025 ж. дейінгі тарифтік жыл үшін іс-шараның, инвестициялық бағдарлама объектісінің шекті бағада ескерілген жоспарлы параметрлері (көрсеткіштері)					Іс-шараның, инвестициялық бағдарлама объектісінің шекті бағада ескерілген (тоқсан сайын, өспелі қорытындымен) орындалуы, нақты параметрлері (көрсеткіштері)					Жоспарға фактіні қабылдамау (+, -)		Ауытқу себептері	
				1 жарты-жылдық	2 жарты-жылдық	Өлшем бірлігі	Техникалық параметрлер	Өлшем бірлігі	Инвестиция сомасы	Инвестиция көзі	Өлшем бірлігі	Техникалық параметрлер	Өлшем бірлігі	Инвестиция сомасы	Инвестиция көзі	Техникалық параметрлер	Инвестиция сомасы		
1	Барлығы	ҚР Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің (ТМРК) 2024 жылғы 10 қыркүйектегі №32-08-03/1161 хатына сәйкес бекітілген Инвестициялық бағдарлама 2024 жылдың 1 қазаннан бастап қолданыста.	Локомотивтерді сатып алу	2024 жылғы 1 қазаннан 2025 жылғы 30 қыркүйекке дейін.	бірліктер	44	32	мың теңге	129 279 407	барлығы, оның ішінде	50	мың теңге	137 138 290	барлығы, оның ішінде	-6	7 858 883	Инвестициялық бағдарламаның қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін (31.05.2025 ж.) 8 тарифтік ай ішінде инвестициялық бағдарламаны түзетуге өтінім жолданды, ҚР ТМРК-ге шығыс хатпен №ТП/5161-және 30.05.2025 ж.		
								мың теңге	69 887 048	меншікті қаражаты		мың теңге	47 529 100	меншікті қаражаты	- 22 357 948				
								мың теңге	59 392 359	қарыз қаражаты		мың теңге	89 609 191	қарыз қаражаты	30 216 832				
	КЗ8А сериялы жүк электровоздарын сатып алу	Инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы есеп 2023 жылдың 1 қарашасынан 2024 жылдың 30 қыркүйегіне дейін 17.10.2024 ж. №7ТП /7031-и хатымен ТМРК-не жіберілді						бірліктер	12	мың теңге		98 477 505	барлығы, оның ішінде	14	мың теңге	45 139 690		барлығы, оның ішінде	- 53 337 815
										мың теңге		39 085 146	меншікті қаражаты		мың теңге	15 013 381		меншікті қаражаты	- 24 071 765
										мың теңге		59 392 359	қарыз қаражаты		мың теңге	30 126 310		қарыз қаражаты	- 29 266 049
2	ТЭЗ3А сериялы жүк тепловоздарын сатып алу	Инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы есеп 2023 жылдың 1 қарашасынан 2024 жылдың 30 қыркүйегіне дейін 17.10.2024 ж. №7ТП /7031-и хатымен ТМРК-не жіберілді	бірліктер	12	мың теңге	30 801 902	барлығы, оның ішінде	36	мың теңге	91 998 600	барлығы, оның ішінде	61 196 698							
					мың теңге	30 801 902	меншікті қаражаты		мың теңге	32 515 719	меншікті қаражаты	24	1 713 817						
					мың теңге		қарыз қаражаты		мың теңге	59 482 881	қарыз қаражаты	59 482 881							

«ТОБЫЛ» – КЛЮЧЕВАЯ ТОЧКА ТРАНЗИТА

(Окончание. Начало на 1-й стр.)
Аким Костанайской области отметил, что запуск строительства — это больше, чем начало одного объекта. Это вклад в долгосрочную архитектуру экономической независимости страны.
— Глава государства поставил перед нами задачу — сформировать Казахстан, как центр логистики Евразии. Мы начинаем с конкретных дел. ТЛК «Тобыл» обеспечит логистическую поддержку стремительно растущей промышленности региона. Увеличится экспорт, снизятся издержки бизнеса, появятся новые ниши для инвестиций

и МСБ, — подчеркнул Кумар Аксакалов. Комплекс будет интегрирован в международные транспортные коридоры, связывающие Китай, Центральную Азию, Турцию, Иран, Афганистан и Европу. Ожидается рост грузооборота как по маршруту «Северный Казахстан — Южный Урал», так и в направлении КНР.
На территории комплекса будут размещены терминалы, склады, пункты таможенного оформления товаров, IT- и сервисные зоны — по принципу «все в одном месте». Предусмотрена цифровая система отслеживания грузов в реальном времени. Завершение

строительства планируется к 2027 году. Костанайская область закрепляет за собой статус одного из главных промышленных центров страны. Только в 2025 году здесь запланирован запуск завода KIA мощностью 70 тысяч автомобилей в год, предприятий по производству автокомпонентов и комплектующих общей мощностью более 220 тысяч единиц. Такой кластер создаст возможности для развития логистики. И ТЛК «Тобыл» станет системной инфраструктурной опорой для устойчивого экспорта продукции, произведенной в регионе, откроет новые возможности для кооперации на евразийском пространстве.

ЦИФРОВАЯ ЛОГИСТИКА



Айлин БАУРЖАН,
Астана

В рамках официального визита в Китайскую Народную Республику делегация АО «Кедентранссервис» провела ряд рабочих встреч с ведущими технологическими компаниями, специализирующимися на цифровизации и автоматизации логистических процессов. Главной целью стало изучение и обсуждение перспектив внедрения передовых цифровых решений в деятельность казахстанских транспортно-логистических объектов.
Ключевым моментом визита стала встреча с представителями компании NIZE Intelligent Technology, которая презентовала инновационную платформу автоматизированного управления терминалами.



Данная система, построенная на частотной инфраструктуре Huawei, позволяет достичь до 90% автономности в выполнении операций — от обработки логистических данных до управления спецтехникой в режиме реального времени.

Все процессы управляются дистанционно, что минимизирует влияние человеческого фактора и значительно повышает производительность работы терминалов.
В ходе переговоров были обсуждены возможности адап-

тации этой технологии для применения на объектах АО «Кедентранссервис» в Республике Казахстан. Стороны выразили взаимную заинтересованность в развитии долгосрочного партнерства в данной сфере.
Кроме того, делегация посетила производственные площадки компании Nanjing Huadeax Automation Equipment, занимающейся разработкой автоматизированных складских систем. Китайская сторона выразила готовность к созданию технических решений, адаптированных под условия и специфику казахстанских логистических терминалов.
АО «Кедентранссервис» продолжает реализацию стратегии технологической трансформации, направленной на повышение эффективности логистической инфраструктуры. Сотрудничество с глобальными технологическими лидерами позволяет внедрять на казахстанских объектах современные цифровые инструменты, обеспечивая рост конкурентоспособности, устойчивость и интеграцию в международную логистическую систему.

Фото автора

БРОШЕННЫЙ ОКУРОК ВЕДЕТ К ТРАГЕДИИ



Аслан КУДАБАЕВ,
Костанай

Цель учений – отработка взаимодействия при ЧС и повышение готовности противопожарных подразделений в условиях летнего пожароопасного периода.
Так, на станции Костанай огнеборцы отрабатывали действия по тушению условного пожара в пассажирском вагоне.
Согласно сценарию, пожар возник из-за неосторожно брошенного окурка. Проводник обнаружил возгорание и оперативно сообщил в соответствующие службы. На место происшествия прибыли пожарные расчёты. В первую очередь была проведена разведка, определены направления ввода

Сразу два тактико-специальных учения по ликвидации пожаров на железнодорожных объектах провели огнеборцы в Костанайском регионе – на станциях Костанай и Тобол.

сил и средств, расстановка боевых участков и задачи для расчётов. Затем началось оперативное развертывание: прокладка рукавных линий, установка разветвлений, стволов, лестниц, рукавных задержек и другого инвентаря, применение спасательного инструмента и средств связи.
Все действия выполнены чётко и слаженно. После локализации очага возгорания огонь ликвидирован. Параллельно производилась эвакуация пассажиров из вагона. Даже в рамках учебного сценария никто не пострадал. В учениях приняли участие 38 человек личного состава и три единицы техники.
Практически одновременно в сотнях километров от Костаная прошли учения на станции Тобол. Темой стала ликвидация

пожара на территории топливного склада (центра топливных ресурсов). Как и в Костаная, ключевую роль сыграли действия железнодорожных пожарных, их слаженность и оперативность. Условный пожар был локализован и успешно потушен.
В учениях на станции Тобол приняли участие 32 человека личного состава и две единицы техники. В обоих случаях штабы учений дали положительную оценку действиям всех служб.
— Особую актуальность такие мероприятия приобретают в летний пожароопасный период, — подчеркнул начальник Костанайской негосударственной противопожарной службы Султан Смамбаев. — Один не затушенный окуроч, выброшенный из окна автомобиля рядом с железнодорожной полосой или нарушителем-пассажиром в поезде, может привести к трагедии. Из-за одного такого курильщика ущерб может исчисляться миллионами, не говоря уже о возможных человеческих жертвах. Именно поэтому курильщики становятся самыми опасными нарушителями как на железной дороге, так и в общественных местах.

КУРС НА ОБНОВЛЕНИЕ И УДОБСТВО

Алинур КУДАЙБЕРГЕНУЛЫ,
Кокшетау



В 2025 году в рамках национальной программы модернизации планируется обновить 125 вокзалов по всей стране. В список вошли 16 станций, расположенных в Акмолинской области. Работы на всех объектах начались одновременно, в соответствии с утвержденным графиком.



В числе ключевых объектов — вокзалы на станциях Кокшетау и Курорт-Боровое. В Кокшетау проводится модернизация железнодорожного вокзала и прилегающей площади. Завершение работ запланировано на декабрь 2025 года. После завершения модернизации здесь появятся современные залы ожидания, цифровые информационные системы, доступ к интернету и сервисы для пассажиров. Особое внимание уделяется обеспечению комфорта и доступности.
На железнодорожной станции Курорт-Боровое, ежедневно обслуживающей порядка 1500 пассажиров, ведется капитальный ремонт здания с заменой кровли и внутренней отделкой. Впервые с 1988 года будет произведено полное обновление инженерных сетей — электро-, тепло- и водоснабжения, а также канализации.
Наряду с этим изменится внешний облик вокзала, будет благоустроена прилегающая территория. Работы организованы таким образом, чтобы не прерывать функционирование станции и не создавать препятствий для пассажиропотока.
На станциях Макинка, Кокшетау и Курорт-Боровое демонтажные работы завершены полностью. Ведется закуп необходимых строительных и отделочных материалов. В населенных пунктах Еркеншилик, Ерейментау, Аршалы, Шортанды, Жалтыр, Жаксы, Атбасар, Державинск и Есиль продолжают внутренние демонтажные работы, включая удаление напольных покрытий, перегородок, дверных проемов, старых инженерных сетей и отделки. В здании вокзала на станции Сарыоба демонтируются балки перекрытия и внешние оконные блоки, на станции Елтай — теплоизоляционные материалы. На станциях Уленты и Акколь завершен этап подготовительных работ, организованы рабочие зоны и проведены инженерные подключения. Все работы выполняются с соблюдением строительных и технических норм. При организации ремонтного процесса учитываются безопасность пассажиров, бесперебойное движение поездов и санитарные требования. Реконструкция вокзалов направлена на создание современной и надежной железнодорожной инфраструктуры, улучшение условий обслуживания и повышение транспортной доступности в регионах.
Проект реализуется в тесном сотрудничестве с АО «НК «Қазақстан темір жолы». Все работы выполняются в строгом соответствии с современными строительными и техническими нормами, уделяя особое внимание безопасности пассажиров, бесперебойному движению поездов и санитарным требованиям.
Реконструкция железнодорожных вокзалов направлена на создание современной, удобной и надёжной инфраструктуры, что значительно улучшит качество обслуживания, повысит транспортную доступность и будет способствовать социально-экономическому развитию регионов Акмолинской области и всей страны в целом.

Фото автора

ПОЛУГОДОВАЯ ИНФОРМАЦИЯ

ТОО «КТЖ-Грузовые перевозки»
об исполнении либо неисполнении инвестиционной программы (проекта), учтенной в предельной цене
БИН 031 040 001 799, 49200 (вид деятельности по ОКЭД)
за период с 1 октября 2024 года по 31 мая 2025 года

№	Наименование показателей инвестиционной программы (проекта)	Кем утверждена (дата, номер приказа)	Наименование мероприятия	годы реализации инвестиционной программы		Плановые параметры (показатели) мероприятия, объекта инвестиционной программы, учтенной в предельной цене за тарифный год с 1.10.2024г. по 30.09.2025 г.					Исполнение, фактические параметры (показатели) мероприятия, объекта инвестиционной программы, учтенной в предельной цене (ежеквартально, с нарастающим итогом)					Отклонение факта к плану (+,-)		Причины отклонения
				1 полу-годие	2 полу-годие	Ед. изм.	Техни-ческие параметры	Ед. изм.	Сумма инвестиций	Источник инвестиций	Ед. изм.	Техни-ческие параметры	Ед. изм.	Сумма инвестиций	Источник инвестиций	Технические параметры	Сумма инвестиций	
	Всего:	Утверждена Инвестиционная программа письмом КРЕМ МНЭ РК №32-08-03/1161-и от 10.09.2024г., действующая с 1 октября 2024г. Отчет по исполнению инвестиционной программы с 1 ноября 2023г. по сентябрь 2024 г. ранее направлялся письмом в КРЕМ исх. ГП/7031-и от 17.10.2024г.	Приобретение локомотивов	с 1 октября 2024г. по 30 сентября 2025г.	ед.	44	тыс.тенге	129 279 407	всего в т.ч.	ед.	50	тыс. тенге	137 138 290	всего в т.ч.	-6	7 858 883	До окончания действия инвестиционной программы (31.05.2025г.) была направлена заявка на корректировку инвестиционной программы за 8 тарифных месяцев, в КРЕМ РК исходящим письмом №ГП/5161-и от 30.05.2025г.	
тыс. тенге	69 887 048						собственные	тыс. тенге	47 529 100			собственные	-22 357 948					
тыс. тенге	59 392 359						заемные	тыс. тенге	89 609 191			заемные	30 216 832					
1	Приобретение грузовых электро взов серии KZ8A				ед.	32	тыс. тенге	98 477 505	всего в т.ч.	ед.	14	тыс. тенге	45 139 690	всего в т.ч.	-18	-53 337 815		
							тыс. тенге	39 085 146	собственные			тыс. тенге	15 013 381	собственные		-24 071 765		
							тыс. тенге	59 392 359	заемные			тыс. тенге	30 126 310	заемные		-29 266 049		
2	Приобретение грузовых тепловозов серии ТЭЗ3А			ед.	12	тыс. тенге	30 801 902	всего в т.ч.	ед.	36	тыс. тенге	91 998 600	всего в т.ч.	24	61 196 698			
						тыс. тенге	30 801 902	собственные			тыс. тенге	32 515 719	собственные		1 713 817			
								заемные			тыс. тенге	59 482 881	заемные		59 482 881			

ҚАРУЫ ОНЫҢ ҚАУІПСІЗДІК...

Атбасар жол дистанциясының қауіпсіздік техникасы және еңбек қорғау бойынша жетекші инженер Марат Ғафуров – туған жердің теміржолын түлетіп келе жатқан маман. Көп балалы отбасында дүниеге келген оның ата-анасы теміржолшылар болғандықтан өзі де болат жолға бет бұрды.



Марат Хайбрахманұлының әкесі вагон депо-сында слесарь болса, анасы теміржолшылар ауруханасында еңбек еткен. Ағасы Қанат та 40 жыл машинист болып жұмыс істеді. Ал Марат-тың өзі Атбасар жол дистанциясына 2003 жылы 2-разрядты жол монтері болып жұмысын бастап-ты. Алты айдан кейін ақауатқпшы арбасының операторы болып ауысады, сосын аға оператор болды. Сонымен қатар инженер-құрылысшы

мамандығы бойынша сырттай жоғары білім алды. 2007 жылы дистанцияның жол шебері болып тағайындалып, бірнеше жыл еңбек етті. Сосын үйренген жұмысы ақауатқпшы арбалардың аға операторы болып тағы бірнеше жыл жұмыс істеді. Ал 2011 жылы Еңбек қорғау жөніндегі инженер болып тағайындалып, дис-танция өміріне белсене араласып, бұл бағытта көп жұмыс атқарды.



ЖҰМЫСШЫ
МАМАНДЫҚТАР
ЖЫЛЫ

– Сол жылдары бірінші кезектегі міндет ауыр және зиянды еңбек жағдайында жол монтері болып еңбек ететін әйелдерді сол қиын жұ-мыстан босату болды. Еңбек қорғау жөніндегі нормативтік-техникалық құжаттамалар мен нұсқаулықтарды талапқа сай реттеуге кірістік. Мекемедегі жұмысшылардың аттес- таттация-сын сәйкестендіру бойынша үлкен жұмыс жүргізілді. Бүгінгі таңда Атбасар жол дистанци-ясында 7 жылдан бері жарақатсыз жұмыс істеп келеміз. Қызметкерлердің штат саны – 612 адам. Дистанция шекарасы Есіл – Астана учаскесі. Бүгінде TARGET ZIRO «Өндірістік қауіпсіздік-тің интеграцияланған жүйесі» жобасын іске асыру бойынша жұмыстар жүргізілуде. Басты мақсат – өндірісте нөлдік жарақат деңгейіне жету. Менің инженер ретіндегі басты қаруым да, ұстанымым да – қауіпсіздік, – дейді кейіпкеріміз.

Райхан РАХМЕТОВА
Суретті түсірген автор

СИГНАЛ К ДЕЙСТВИЮ

На станции Сары-Озек, важном железнодорожном узле, трудится осмотрщик-ремонтник КПТО Алтынбек Омаров. Проявив профессиональную бдительность, он выявил опасную трещину на диске колеса одного из вагонов, что помогло предотвратить возможную аварию.



Во время планового осмотра грузового состава Алтынбек Омаров обнаружил трещину длиной 480 миллиметров на диске колеса. Благодаря его внимательности поврежден-ный вагон был своевременно отцеплен и отправлен в депо на ремонт.

– Безопасность на железной дороге начинается с мело-чей. Любая трещина или посторонний звук – это сигнал к действию, – говорит Алтынбек.

Он родился и вырос в Сары-Озеке. С детства наблюдал за работой станции и однажды твердо решил, что будет железнодорожником. После окончания Кызылординского колледжа он устроился в КПТО станции Сары-Озек. С тех пор Алтынбек Омаров не раз доказал преданность профес-сии, надежность и ответственность.

– В нашей работе главное – не спешить и видеть больше, чем просто металл. За каждым вагоном – безопасность людей, – отмечает он.

Осмотрщик – первый, кто встречает поезд, и последний, кто даёт ему «путёвку в дорогу». Он не просто осматривает вагоны, а отвечает за безопасность всего маршрута. Ал-тынбек всегда тщательно обследует колесные пары, буксы, состояние кузова и крепление груза. Он признаётся, что любит проходить вдоль состава с молотком в руках – об-стукивать детали, прислушиваться, вглядываться.

Если обнаруживает неисправность, которую невозмож-но устранить на месте, он наносит меловую разметку и оформляет уведомление ВУ-23.

– Пока не убедился, что всё в порядке, состав не уходит. Осмотрщик – как врач: если поезд «здоров», даём зелёный свет, – улыбается Алтынбек. С таких, как Алтынбек Омаров, и начинается безопасная дорога.

Елена КОЛДАСБАЕВА, Сары-Озек
Фото автора

АДАЛ ЕҢБЕК ӨТЕУІ

Ұлттық компания көлемінде сала қызметкерлерінің еңбегін ынталандырып, кәсіби тұрақтылығын арт-тыру, моральдық қолдау мақсатында еңбек еткен жылдарына орай біржолғы ақшалай сыйақы енгізіл-гені белгілі. Маңғыстау жол дистанциясының жұ-мысшылары осы қаржылай марапатқа қол жеткізіп, теміржолшылардың өз кәсібіне деген мақтанышы, құрметі мен қызығушылығы арта түскені анық.

Жол дистанциясында еңбек ететін 465 адамның сексен пайыздан аста-мы – он жылдан кем емес тұрақты еңбек етіп жатқан жолшылар. Атап айтсақ, 357 адамға сыйақы тағайындалған. Таратып айтсақ, дистанцияда отыз жылдан астам еңбек еткен 47 адам 300 мың теңге мен «Теміржол саласында 30 жыл мінсіз қызметі үшін» алтын белгіге ие болған. Жиырма және одан көп еңбек еткен 93 жолшы 200 мың теңге мен «Теміржол саласында 20 жыл мінсіз қызметі үшін» күміс белгісін, ал 217 теміржолшы 100 мың теңге мен «Теміржол саласында 10 жыл мінсіз қызметі үшін» қола белгісін алды.

Талай жылғы еңбегінің жемісін көріп, қаржылай марапат пен алтын

төсбелгіге ие болғандардың бірі – майталман жолшы Қорғанбай Бе-кенаев. Жол дистанциясына қырық жылдан астам өмірін сарп еткен ол мұндай игілікті бастама жастарға жігер беріп, кәсібіне адалдығы мен махаббатын арттыруға әсер ететінін айтады. Еңбектің ешқашан жерде қалмайтынын тілге тиек еткен ол жол жөндеушіден бастаған еңбек жолында қаншама қиындықты еңсере жүріп жетістіктерге жет-кенін, соның нәтижесінде бүгінде «Құрметті теміржолшы» атанып отырғанын сөз етті.

Қорғанбай Бекенаев 1981 жылы небәрі 17 жасында №15 бекетке жол жөндеуші болып келіпті. Жа-сына байланысты қысқа сағаттық жұмыс тәртібінен бастаған бозбала



теміржолда жүріп кәметет жасына толып, әскери борышын өтеуге де осы жерден аттаныпты. Әскерден келіп жұмысын қайта жалғасты-рып, жол жөндеушіден жол шебері, бригадир, шебер, телім бастығы жұмыстарында өзін шындаған. Бүгінде бірнеше бекет пен станция аралығын қамтитын №2 учаскеде телім бастығының орынбасары. Түбек теміржолының 290-380 шақырым арасындағы №16, 15, 14 бекет, Шетпе ст., №13 бекет-тердің аралығындағы жол күтімін жасауды қамтамасыз етіп жүрген жұмысшыларды басқарып отыр. Күні кешеге дейін №15 бекетте тұрды. Құдай қосқан қосағы екеуі бірге еңбек етіп, маңдай тер, табан ақымен тапқан табыстарымен бес

баланы жеткізіп, аяққа тұрғыз-ды. Кенже ұлын қарашаңырақта қалдырып, бірнеше жыл бұрын ғана бекеттің басынан ауылға көшті. Қазір қарашаңырақтағы ұлы сол бекетте ІПЧ бағытында жұмыс істейді.

Жалпы, Маңғыстау жол дис-танциясында 30-40 жыл еңбек өтілі бар майталмандар аз емес. Дистанция бастығының орынба-сары Жолдас Жетібай – 37 жыл, ал инженер-технолог Сәрсен Мүсірханов 42 жыл тер төгіп келеді. Жолшылар ұжымы адал еңбек өтеуіндей болған сыйақы жүйесінің қалпына келтірілгеніне дән риза.

Шахидә ЖҰМАН, Маңғыстау
Суретті түсірген автор

Спорт



«СИБИРКА» И АЗАРТНЫЙ НАСТРОЙ

В бильярдном комплексе «Достар» прошел от-крытый турнир по бильярду среди работников железнодорожного транспорта Карагандинского региона на призы Карагандинского филиала ОО «Казпрофтранс».

В турнире приняли участие 16 игроков со станций Балхаш, Жанаарка, Караганда-Сортиро-вочная. Игра проходила в формате «Комбинированная пирамида» – разновидности русского бильярда, также известной как «Сибирка» или «Московская пирамида».

По традиции игроков попривет-ствовал председатель Карагандин-ского филиала ОО «Казпрофтранс» Яхия Альмусин, пожелав им удачи в предстоящем турнире.

Инструктор по спорту Тагатай Айманбетов напомнил о правилах и особенностях формата. В ходе турнира участники продемон-стрировали высокий уровень игры и спортивное мастерство.

По итогам спортивного ме-роприятия первое место занял машинист тепловоза Балхашского эксплуатационного локомотив-ного депо Канат Зулхарнаев, второе – заместитель директора «Темиржолсу» Абикен Жандос, третье – председатель первичной организации Карагандинского отделения ГПГ Галы Ермекбаев. Все они награждены ценными призами, представленными Карагандинским филиалом ОО «Казпрофтранс».

Два участника будут представ-лять регион в республиканских соревнованиях.

Светлана МОГАЙ, Караганда,
Фото автора

КУБОК ПОБЕДИТЕЛЕЙ – В УРАЛЬСКЕ!

В Уральске торжественно встретили свою команду победителей летней спартакиады среди работников АО «НК «Қазақстан темір жолы». В этом году уральские железнодорожники заняли первое место в командном зачете и привезли главный кубок летней спартакиады.

Торжественную встречу победи-телей организовал председатель профкома Уральского узла Едил Альпысов. Он поблагодарил всех участников спартакиады за их успехи, подчеркнул, что весь коллектив гордится их спортив-ными достижениями и отметив их трудовые заслуги.

В сборную Западно-Казахстан-ской области вошли 13 сильнейших спортсме-нов из разных предпри-ятий. Инструктор-организатор по спорту Бекзат Гилманов отметил отличную организационную работу профкомов и выразил благодар-

ность от имени всей команды руководителям предприятий.

В этом году в летней спарта-киаде помимо традиционных видов спорта аркан-тарту, арм-рестлинг, настольного тенниса, прыжков в длину, метания гра-наты, включили еще и шахматы. Практически по всем видам уральские спортсмены заняли призовые места как в личном, так и в командном зачете.

Например, инженер Ураль-ской дистанции сигнализации и связи Жанат Сағынай взяла серебро в армрестлинге и бронзу

ЖІГІТТЕР ЖҮЛДЕЛІ ОРАЛДЫ

Жуырда Астана қаласын-да халықаралық Astana Triathlon Half сайысы ұй-ымдастырылған болатын. Әлемнің әр түркірінен кіл мықтылар жиналған байқауға ұлттық ком-панияның атынан үш эстафеталық команда қатысып, шеберліктерін сынға салды.

Жарыс талабы оңай емес, спортшылар әуелгі кезекте 1,9 км суда жүзіп, велосипедпен 90 км жүріп өтіп, ең соңғы шешуші



в прыжках в длину. Менеджер по кадрам Уральского филиала ТОО «КТЖ-Грузовые перевоз-ки»–«Актюбинское отделение ГП» Гульжан Аманова заняла второе место в личном зачете в шахматном турнире, а диспетчер пути Уральской дистанции пути Нурлан Мулдағалиев ради победы на шахматном поле даже прервал отпуск и приехал в Боровое.

– Приятно удивили наши «ар-канчики» – Ерлан Имашев, Ерлан Мамбетов, Мади Максот, Алишер

Изделеев и вагонный мастер ТОО Бибол Длмуханов. Хотя ранее они не выступали вместе, им удалось подняться с 17-го на 4-е место, проявив высокий командный дух и самоотдачу, – рассказал Бекзат Гилманов.

Все участники отметили отлич-ную организацию спартакиады, хорошие условия для тренировок и отдыха, и доброжелательную атмосферу.

Анна ПАНИЩЕВА, Уральск
Фото автора

Еркебұлан жүгіру бойынша жарыс жолына шығыпты. Еркебұланнң жуырда ғана Жетісу облысында болып өткен «Шаған тау марафоны-2025» байқауын-да да теміржолшылар атынан сынға түсіп, 13 шақырымдық жарыс жолын санаулы минут-тарда бағындырып, жүлделі бірінші орын иеленгенін айта кеткен жөн.

Жас спортшы даярланып та үлгермепті. Әйтсе де, қос спорт-шы да алдағы тамыз айында Семей қаласында Абайдың 180 жылдығына орай өткізілетін спорттық іс-шараға қатысу үшін жаттығуды бастап кетті.

Абай ЕРПІС, Семей
Суретті түсірген автор



ҚАЗАҚСТАН
ТЕМІР
ЖОЛЫ



ҚАЗКӨЛІККӘСІП

Бас редактор
Дина Муздубаева
Бас редактордың орынбасары
Меруерт Өмірзақова

Редакцияның мекен-жайы:
Астана қ., Д.Қонаев көшесі 6.
тел: 8 (7172) 60-44-87,
60-44-88, 60-44-92

Басылымның таралымы 11 415
Газет сейсенбі,
жұма күндері шығады.

Жауапты хатшы
Ерболат Тілеубергенов,
тел.: +7 702 5795768

Кезекші редакторлар:
Р. Рахметов, Р. Рахметова

Газет шығару және тарату қызметімен
«Қазақстандық салалық теміржол,
автомобиль, әуе және су көлігі
қызметкерлерінің кәсіби одағы»
қоғамдық бірлестігі айналысады.

© «Қазақстан теміржолшысы»
газетінде жарияланған
материалдарды
көшіріп немесе өңдеп басу үшін
редакцияның жазбаша рұқсаты
алынып, газетке сілтеме жасалуы
міндетті.
Редакция авторлар мақаласы мен
жарнама мазмұнына жауап бермейді.

Меншікті тілшілер:

Алматы: Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80
Атырау: Қосыйым Мұқашев 8-778-946-09-66
Ақтөбе: Ардақ Ерубаева 8-702-843-27-97
Шығыс Қазақстан: Ольга Ушакова 8-777-203-51-87
Семей: Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53
Маңғыстау: Шахидә Жұманова 8-707-886-72-45
Орал: Анна Панищева 8-707-910-74-17
Қызылорда: Сабырхан Нәдірбаев 8-778-409-78-59
Жамбыл: Ардақ Ұсейінова 8-777-667-26-20
Шымкент: Нұрлыбек Досыбай 87025480092
Қарағанды: Светлана Могай 8-777-893-66-76
Қостанай: Аслан Құдабаев 8-705-267-44-00
Павлодар: Айдана Ертай 8-777-498-31-61

Газет басылатын қалалар:

Астана, Сілеті 30
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2.
«Хабар-Сервис» ЖШС
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22.
«ERNUR Print» ЖШС

Қазақстан Республикасы Баспасөз және
бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық
агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың
30 шілдесінде № 601 тіркету куәлігі берілді.